

"Қызылорда облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақысының ставкаларын бекіту туралы"

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 қаңтардағы N 45 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылы 20 ақпанда N 4199 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 121 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2008.12.26 N 121 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекіту туралы" 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 65 қаулыларын жүзеге асыру мақсатында "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Қызылорда облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық
мәслихатының кезектен тыс
IV сессиясының төрағасы **Ә. Әбдіхалықова**
Қызылорда облыстық
мәслихатының хатшысы **Н. Құдайбергенов**
Қызылорда облыстық мәслихатының
2008 жылғы 29 қаңтардағы
N 45 шешіміне қосымша

Қызылорда облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкалары

р/с	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қалдықтардың қауіптілік деңгейі	Ставка (теңге)		
1	2	3	4	5		
1	Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары ¹ :	шартты тонна		582		
2	Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары:	пайдаланылған отынның тоннасы (бұдан әрі-тонна)				
	этилденбеген бензин үшін			384		
	дизель отыны үшін			523		
	сұйылтылған, сығылған газ үшін			285		
3	Ластаушы заттардың төгінділері:	шартты тонна		15654		
	су көздеріне ²					
	жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына, жер бедеріне					
4	Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар ³	тонна		227,5		
5	Өнеркәсіптік қалдықтар:	тонна				
	өндіріс пен тұтыну-дың қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастыру					
					"қызыл тізім"	38500
					"янтарь тізім"	19200
			"жасыл тізім"	4800		

			"жіктел- мегендер"	2500	
	Бұдан басқа:				
	Аршынды жыныстар ⁴	тонна		10,7	
	Байыту шламдары, шлактары, шламдары, қалдықтары ⁴			109,5	
	Күл мен күлшлактар ⁴			18,1	
	Ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары			10,5	
6	Радиоактивті қалдықтар:	гигабек- керель			
	трансуранды қалдықтар				2060
	альфа-радиоактивті қалдықтар				1030
	бета-радиоактивті қалдықтар				103
	шынақты радиоактивті көздер				1030
7	Заңнамада белгілен- ген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластаушы заттардың шығарындылары	шартты тонна		55020,9	

Е с к е р т п е :

1) ISO 14001: 2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

¹ 0,75 коэффициенті;

⁴ 0,75 коэффициенті;

2) халыққа коммуналдық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

¹ 0,3 коэффициенті;

² 0,43 коэффициенті;

⁴ 0,25 коэффициенті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигон-дар үшін халықтан құрылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған

ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициент енгізіледі:

³ 0, 2 коэффициенті ;

4) кәсіпорындар төлемінің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК